



Алтын

- Алтын (лат. *Aurum*)
- *Au* – элементтердің периодты жүйесінің I-тобындағы химиялық элемент, асыл металдардың бірі.
- Реттік нөмірі 79, атом массасы 196,967, балқу температуrasesы 1063°C, қайнау температуrasesы 2947C

- **Қасиеттері**
- Таза алтын сары түсті, соғылғыш және созылғыш металл, химиялық инертті элемент. Сыртқы ортаның химиялық әсеріне аса төзімді. Оттек, сүтек, азот, және көміртекпен тікелей қосылмайды. Алтынға сілтілер және жеке қышқылдар әсер етпейді. “Патша сұйығында” (1 көлем HNO<sub>3</sub>, 3 көлем HCl) және кейбір күшті қышқылдар қоспасында ериді. Қосылыстарында алтын бір және үш валентті болып келеді.
- Табиғатта саф алтын түрінде, тау жыныстарында ( $5 \times 10^{-7}\%$ ), теңіз және мұхит суында (0.01-0.05 мг/т) кездеседі. Кентастардың алтынды ұсақтау, байыту және циянды натрий ерітіндісімен өндеу арқылы алады. Алтынмен басқа металдырың бетін жалатады, әшекей бұйымдар жасайды. Тауар өндіруде, сауда-саттықта басқа заттардың берінің нарқы алтынмен бағалаңады.[1]

- Алтын - жұмсақ сары түсті, соғылғыш, созылғыш, жайылғыш, ауыр, жұмсақ. металл. Қалыңдығы, 0,0001 мм фольга жасауға болады.



- «Патша сұйығы» үш көлем тұз қышқылымен бір көлем азот қышқылының коспасы:
- $3\text{HCl} + \text{HNO}_3 = 2\text{Cl} + \text{NOCl} + 2\text{H}_2\text{O}$ ,  
 $\text{Au} + 2\text{Cl} + \text{NOCl} = \text{AuCl}_3 + \text{NO}$ ,  
 $\text{AuCl}_3 + \text{HCl} = \text{H}[\text{AuCl}]_4$

- Алтын селен Қышқылында да (күшті тотықтырғыш) ериді:
- $2\text{Au} + 6\text{H}_2\text{SeO}_4 = \text{Au}_2(\text{SeO})_4 + 3\text{SeO}_2 + 6\text{H}_2\text{O}$

Алтын қосылыстарда бір және үш валенттік көрсетеді, бірақ үш валентті қосылыстары берігірек. Бір валентті алтынның тұздары бір валентті мыстын, қосылыстары сияқты диспропорцияланып үш валентті қосылыс және дербес алтын береді:



- Алтынның (III) гидроксиді  $\text{Au}(\text{OH})_3$  амфотерлі зат, сілтілерде және қышқылдарда еріп аниондық комплекстер түзеді:
- $\text{NaOH} + \text{Au}(\text{OH})_3 = \text{Na}[\text{Au}(\text{OH})_4]$ ,  
 $\text{Au}(\text{OH})_3 + 4\text{HCl} = \text{H}[\text{AuCl}_4] + 3\text{H}_2\text{O}$ ,  
 $\text{Au}(\text{OH})_3 + 4\text{HNO}_3 = \text{H}[\text{Au}(\text{NO}_3)_4] + 3\text{H}_2\text{O}$

- Аниондық комплекс түзілуінен алтынның галогенидтері галогено-аураттарға айналғыш келеді:
- $\text{NaBr} + \text{AuBr}_3 = \text{Na}[\text{AuBr}_4]$

AuCl<sub>3</sub> гидролизінде аквоқышқылдар түзіледі.



Алтынның оңайырақ алынатын қосылысы AuCl<sub>3</sub> өзге қосылыстары осыдан алынады. Алтынның барлық қосылыстары айрылғанда металдық алтын бөлініп шығады.

- **Қолданылуы**
- Алтын ақшалық күнды металл (валюта). Сонымен қатар ол әр түрлі әшекейлік-көркемдік істердс, зергерлік бұйымдарға қолданылады.





Kymic

- Күміс (латынша Argentum),  $Ag$  – элементтердің периодтық жүйесінің I тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 47, атомдық массасы 107,88.
- Табиғатта тұрақты екі изотопы бар:  $^{107}Ag$  және  $^{109}Ag$ . Элементтердің периодтық жүйесінің I тобындағы хим. элемент, ат. н. 47, ат. м. 107,88.
- Табиғатта тұрақты екі изотопы бар:  $^{107}Ag$  және  $^{109}Ag$ .

- Негізгі минералдары: аргентит  $\text{Ag}_2\text{S}$ , пирагириит  $\text{Ag}_3\text{SbS}_3$ , прустит  $\text{Ag}_3\text{AsS}_3$ , саф К., т.б. К. жұмсақ, созылғыш (1 г К-тен ұз. 1800 м сым тартуға болады), ақ түсті металл, тығызд. 10,5 г/см<sup>3</sup>, балқу  $t$  961,9°C, қайнау  $t$  2170°C, тотығу дәрежелері +1, +2, +3, сиректеу +4. Электр тогын, жылуды жақсы өткізеді. К-тің активтігі нашар, коррозияға төзімді, бірақ күкірт, галогендермен тез әрекеттеседі. Қыздырылған концентрлі азот және күкірт қышқылдарында ериді. Ауадағы оттекпен жоғары темп-рада қыздырғанда да әрекеттеспейді, бірақ құрамында күкіртсүтек бар дымқыл ауада оттек арқылы тез тотығып беті қарайды. К. қорғасын-мырышты, мыс, алтын-күмісті кентастардан алынады.

## ■ Қолданылуы

Ақша (валюта), химиялық ыдыстар жасау, ас ыдыстарын жасау, әр түрлі қорытпалар жасау үшін қолданылады

Оның басқа металдармен қорытпасы зергерлік бұйымдар жасауда, медицинада К. препараттары (куйдіретін, микробтарды жоятын, т.б.), кино және фотоөнеркәсібінде, химия, электртех. және электрондық өнеркәсіптерінде, т.б. қолданылады. Ag<sup>+</sup> иондары суды жақсы тазартады. Қазақстанда К. Бозшакөл, Қоңырат, Ақтогай, Айдарлы, Бақыршық, т.б. кен орындарында кездеседі.





ДИЗАЙН ГРАФИКА  
МММ-ОЛТК.РУ

- **Мыс, Cu** – элементтердің периодтық жүйесінің I-тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 29, атомдық массасы 63,546. Табиғатта тұрақты екі изотопы бар:  $^{63}\text{Cu}$  және  $^{65}\text{Cu}$ .

- **Мыс концентраты**
- Пайдалы Қазылымдарды байыту өнімі, не шикізатты химиялық өңдеудің өнімі. Бұл өнімдерде пайдалы концентрат мөлшері бастапқы шикізаттағыдан көп болады. Олар байыту фабрикасынан тікелей пайдалануға не metallurgиялық өңдеуге жіберіледі. Металлургиялық өңдеуге жіберер алдында оларды флотациялық байытудан өткізеді. Мыс кенін байыту барысында негізгі алынатын өнім, құрамындағы мыс 55%-ға жететін (көбінесе 10%-дан 30%-ға дейін) мыс концентраты болып есептелінеді. Ал флотация кезінде мыстың концентратқа өту шығымы 80%-дан 95%-ға дейін болады.

- Жер қыртысындағы массасы бойынша мөлшері 4,7.10–3%. Негізгі минералдары: халькопирит, халькозин, ковелдин, малахит, азурит. Пластикалық қызыл түсті металл, кристалл торы қырлары центрленген кубтық, тығыздығы 8,94 г/см<sup>3</sup>, балқу  $t = 1084,5^{\circ}\text{C}$ , қайнау  $t = 2540^{\circ}\text{C}$ , тотығу дәрежесі +1, +2. Құрғақ аудадағы бөлме температурасында тотықпайды. Қыздырғанда аудада  $\text{CuO}$  және  $\text{Cu}_2\text{O}$ -ға дейін тотығады, галогендермен, S, Se,  $\text{HNO}_3$ ,  $\text{H}_2\text{SO}_4$ -пен әрекеттеседі. Аммиак, цианидтермен, т.б. кешенді қосылыстар түзеді. Сульфид концентратын балқытып, одан түзілген мыс штейнін қара мысқа дейін тотықтырып, оны жалынмен не электролиттік әдіспен тазарту арқылы; гидрометаллургиялық әдіс – құрамында мысы бар минералдарды құқірт қышқылымен (немесе  $\text{NH}_3$  ерітіндісімен) өндеп, одан әрі электролиздеу арқылы алады